

## Казинформ

12.05.2011 / 13:00

**Қазақстан елде парниктік газдар көлемін 2020 жылға дейін 15 пайызға азайтады**



АСТАНА. 12 мамыр. ҚазАқпарат /Айдар Оспаналиев/ - Қазақстан елде парниктік газдар көлемін 2020 жылға дейін 15 пайызға азайтпақ.

Бұл туралы бүгін Астанада Орталық Азия мен ТМД мемлекеттерінде қалпына келтірілетін энергия көздерін дамытуға арналған аймақтық конференция барысында Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Дүйсенбай Тұрғанов мәлім етті.

Оның сөзіне қарағанда, Қазақстанда энергиялық шикізаттың молдығына қарамастан, күн сәулесі энергиясы, жел энергиясы, судың гибродинамикалық энергиясы, биотермалды энергия сияқты қалпына келетін энергия көздерін дамытуға мүмкіндік мол. Сарапшылардың пікірлерінше, бұл энергоресурстардың әлеуеті Қазақстанда өте жоғары.

«Жылына олардың қуаты 1 триллион киловат сағатты құрайды. Нақтырақ айтқанда, елдегі шағын су стансаларының әлеуеті 8 миллиард киловат сағатты, жел энергетикасының әлеуеті 920 миллиард киловат сағатты құрайды. Сондай-ақ күн сәулесі энергиясының әлеуеті де жоғары, әсіресе оңтүстік өңірлерде. Оның әлеуеті жылына 2,5-3 мың күн сағатын құрайды. Қазақстан Киото хаттамасына сәйкес, елде тарайтын парниктік газдардың көлемін 2020 жылға дейін 15 пайызға кемітуді мойнына алды. Біз бұл міндетті орындауымыз керек. Біздегі қалпына келетін энергия көздерін пайдалану қажеттігі осындай себептермен де байланысты болып отыр», - деді вице-министр.

12.05.2011 / 12:24

**В Казахстане потенциал альтернативных источников энергии равен 1 триллиону кВт-часов в год - вице-министр индустрии и новых технологий РК**



АСТАНА. 12 мая. КАЗИНФОРМ /Аскар Бимендин/ - Сегодня в столичном отеле «Пекин палас» проходит региональная конференция по развитию возобновляемых источников энергии в странах Центральной Азии и СНГ. Выступая на открытии конференции, вице-министр индустрии и новых технологий РК Дүйсенбай Турганов раскрыл актуальность поднимаемого вопроса.

По его словам, несмотря на значительные запасы традиционного энергосырья - в первую очередь, нефти и газа - в Казахстане существует тенденция и условия для использования возобновляемых источников: энергии ветра, солнечного излучения, гидродинамической энергии воды, а также геотермальной энергии.

«По экспертным оценкам, потенциал этих энергетических ресурсов в Казахстане очень значителен и составляет около одного триллиона киловатт-часов в год. При этом потенциал малых гидроэлектростанций оценивается в 8 млрд. кВт/ч, потенциал использования ветроэнергетики - около 920 млрд. кВт/ч, а потенциал солнечной энергии достигает порядка 2 500-3 000 солнечных часов в год, - сообщил Д. Турганов. - Необходимость использования возобновляемых источников энергии в нашей стране обусловлена еще и тем, что Казахстан в рамках Киотского протокола принял обязательства по сокращению выбросов парниковых газов до 2020 года на 15%».

<http://www.inform.kz/rus/article/2379326>